

Мадемаров Нұрәлінің есімін көше атына беру туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы Тоғыскент ауылдық аймағы әкімінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы N 24 Шешімі. Сарысу аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 қаңтарында 6-9-110 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Тоғызкент ауылындағы Тоғызкент көшесінің тұрғындарының пікірін ескере отырып және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4 тармақшасына с ә й к е с

Ш Е Ш І М

Е Т Е М І Н :

1. Тоғызкент ауылдық аймағына қарасты Тоғызкент ауылындағы Тоғызкент көшесі Мадемаров Нұрәлінің атындағы көшесі болып өзгертілсін;
2. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық аймақ әкімі

А.Ермашов